

№1 ХАТТАМА

Қатысқандар саны:8

Қатыспағандар саны: жок

Күн тәртібінде:

ӘБ отырысының күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылына бірлестік жұмысын жоспарлау.
2. Мұғалімдердің апталық сағат жүктемелерін, күнтізбелік жоспарларын талқыға салып, бекітуге ұсыну.
3. ББЖМ жүргізу ережесімен таныстыру, қосымша сабақ кестесі, дайындық жұмыстарының жоспарын құру.
4. Пән бойынша элективті курс жұмысының жоспарын карау, дарынды, оқу мотивациясы төмен оқушылардың іс жоспарын түзу
5. 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құру.
6. Тәлімгерлікті ұйымдастыру.
7. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру туралы (мектеп оқушыларының пәндік олимпиадаларын, ғылыми жобаларын өткізу)

Тыңдалды:

«2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жұмысын жоспарлау» бірінші сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Шеримова Р.К. сөз алды. Ол атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша пән мұғалімдеріне ұсыныстар енгізілгенін және Оқу-ағарту министрлігі ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты негізіне алып ерекшеліктеріне тоқталды:

- ❖ -Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 2-сыныбында «Қазақ тілі» пәнін оқыту басталады.
- ❖ -Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.
- ❖ -Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- ❖ -Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.
- ❖ «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу
- ❖ Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктеріне: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер мен сыни ойлау жатады. Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамытуға бөлімшені оқытудың әрбір мақсаты бағытталғанын түсіну маңызды, сондықтан мақсатқа жету әр бөлімді зерделеу кезінде ойластырылуы тиіс.

2.Екінші сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Р.К.Шеримова сөз алып, «2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс екенін атап өтті.

Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұғалімдер сабақты жоспарлауда екі құжатты жүргізеді:

1. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар.

2. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар.

Екі жоспар да қағаз түрінде де, электронды түрде де жүргізілуі мүмкін (word, pdf).

1. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар Педагог оқу жылы басталғанға дейін бір рет пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар әзірлейді. №130 бұйрыққа сәйкес орта мерзімді жоспарда мынадай міндетті тармақтар болуы тиіс: - бөлім / ортақ тақырыптар; - сабақтың тақырыбы; - оқыту мақсаттары; - сағаттар саны; - өткізу мерзімдері және ескертпе.

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар Барлық оқу пәндерінің мұғалімдері күн сайын кестеге сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын жүргізеді. №130 бұйрыққа сәйкес сабақ жоспары келесі міндетті тармақтарды қамтуы керек: 70 - оқу бағдарламасының бөлімі; - педагогтің аты-жөні; - сабақты өткізу күні; - сыныпта қатысқандардың / қатыспағандардың саны; - сабақтың тақырыбы; - оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары; - сабақтың мақсаттары (оқу мақсаттарына сәйкес жасалады); - сабақ барысы (сабақ кезеңі, мұғалім мен білім алушылардың іс-әрекеті, бағалау және ресурстар) (9-кесте).

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын мектеп дербес тандап алады.

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылында оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарын таңдағандықтан, 9а, 9в, 8б, 8в, 7б сыныптарында 1 сағат инвариатив есебінен оқу жүктемесі бөлінгендіктен осы сыныптарда сабақ беретін пән мұғалімдері күнтізбелік- тақырыптық жоспар құрастыру кезінде ББЖМ-не дайындық мақсатында жоспарлау кезінде «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша тест спецификациясында көрсетілген мәтін тақырыптарын және оқу мақсаттарына сәйкес ды қосуға ұсынылады.

Бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған сағат жүктемелері мен күнтізбелік жоспарлары талқыланды.

№	Аты-жөні	Жетістіктер	сыныптар	16 жүктеме сағат	барлық жүктеме сағат
1	Шеримова зерттеуші	Елбасы медалі Қола медаль Орымбай Нұрай, Аширәли Айханым	9абг-12сағат, 11а- 3с, 10а-2с, 8в-3с, 9а- 1с инв, 8в-1с инв	16	22
2	Құрбан Ж.Б.	«Ақберен» өнер байқауы Эшимхан Н.З дәрежелі ДИПЛОМ, Қолдарова Г. мадақтама	11а-5с, 10а-5с, 9а- 4с, 6а-5с, үйде оқыту- 2с	19	21
3	Умирбекова Қ.С. зерттеуші		6б-5с, 7а-8с, 5в- 4с, 10а-1 кт, 6г-2с ад	20	
4	Сихымбаева А.С. зерттеуші		7аб-8с, 5аа-10с, 6г- 3с кт, 7а-1 инв	16/22	
5	Курманалиева Ж.Т. зерттеуші		5бг-10с, 6бз, -5с, 6в- 4с	20	
6	Ирисбекова Г.		8аабг-16с,	16	

	ттеуші				
	Бегманова Л.Т.		9в-4с, 2в-3с 4в-3с	18	
8	Арымбаева		8а, ә, б әг-4с инв. 9а, б, г, ә-4с инв	8	

Тыңдалды: Үшінші сұрақ бойынша ӘБ жетекшісі Р.К.Шеримова сөз алып ББЖМ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары ережесімен таныстырды. 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-бабына сәйкес әзірленді және бастауыш және негізгі орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады. ББЖМ кейіннен әдістемелік көмек көрсете отырып және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, тестілеу нәтижелерін дайындауды және жүргізуді, өндеуді және жүйелі талдауды қамтиды.

7. Тест тапсырмаларын әзірлеуді және осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген білім беру ұйымдарында ББЖМ жүргізуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым (бұдан әрі – Ұлттық үйлестіруші) жүзеге асырады.

2-тарау. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібі

9. ББЖМ 9-сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта, оқыту тілінде екі бағыт (математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша, үш тілде (орыс, қазақ және ағылшын) бір бағыт (оқу сауаттылығы) бойынша жүргізіледі.

12. ББЖМ-ға үйде (денсаулық жағдайы бойынша) немесе ұзақ уақыт емдеуді қажет ететін балаларға арналған санаторийлік үлгідегі сауықтыру мекемелерінде білім алушылардан, сондай-ақ тестілеу кезінде объективті себептермен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туыстары қайтыс болған жағдайда, жарыстар мен олимпиадаларға қатысуына байланысты) қатыспаған адамдарды қоспағанда осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген білім алушылар қатысады.

13. Білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) қатысушылар мен жұршылықты іс-шараға дайындық жұмыстары мен өткізілуі туралы бір ай бұрын хабардар етеді.

16. Тестілеу тапсырмаларының санын, мазмұны мен нысанын, сондай-ақ тестілеуге бөлінетін сағат санын МЖБС-ға сәйкес тест спецификациясы айқындайды.

Тест спецификациясын Ұлттық үйлестіруші әзірлейді және бекітеді уәкілетті органның келісімі бойынша.

17. Білім беру ұйымдарында ББЖМ-ны ұйымдастыру және өткізу үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің уәкілетті өкілдерінің тізімін бекітеді, оның құрамына облыстық, аудандық білім беруді басқару органдарының өкілдері (жауаптылары), Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттерінің өкілдері (бұдан әрі Министрліктің уәкілетті өкілдер) кіреді.

18. Білім беру ұйымдарында ББЖМ жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды Министрліктің уәкілетті өкілдері осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

19. Тестілеу басталғанға дейін Министрліктің уәкілетті өкілі компьютерлік аудиториялардың дайындығын тексереді және тестіленушінің жеке коды бар отырғызу парактары бойынша тестіленушілерді сәйкестендіруді білім беру ұйымы ұсынған білім алушылардың тізіміне сәйкес жүзеге асырады.

Тестілеу басталар алдында тестіленушіге сілтеме мен веб-қосымшаға авторизациялау параметрлері беріледі (логин және пароль).

Министрліктің уәкілетті өкілі білім алушыларға ББЖМ-ны жүргізу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

20. Тестілеу өткізу кезінде білім алушыларға сөйлесуге, қағаз, электрондық және өзге де тасымалдағыштардағы ақпараттарды пайдалануға тыйым салынады.

Тестілеуден өту кезінде анықтамалық әдебиетті (Менделеев кестесі мен тұздардың ерігіштігі кестесінен басқа), электрондық жазба кітапшаларын және қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларды (оның ішінде мобильді телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарды) пайдалануға рұқсат етілмейді.

Тестіленуші осы Қағидаларды бұзған жағдайда Министрліктің уәкілетті өкілі тестіленушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдап, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тыйым салынған заттың тәркіленуі және тестіленушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды, тестіленушінің нәтижелері жойылады.

21. Бөгде адам анықталған жағдайда Министрліктің уәкілетті өкілі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тестілеуге кіргізу немесе тестілеу өткізу кезінде бөгде адамды анықтау актісін жасайды.

22. Тестілеу уақытында аудиторияға Министрліктің уәкілетті өкілі мен ұйым басшысы ғана кіреді.

23. Тестілеу өткізу кезінде білім алушыларға Министрліктің уәкілетті өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға жол берілмейді.

24. Тестілеуден кейін оқу нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау үшін білім алушылар, мұғалімдер және білім беру ұйымдарының басшылары арасында анонимді сауалнама жүргізіледі. Сауалнамада жеке сипаттағы сұрақтар жоқ.

25. Ұлттық үйлестіруші уәкілетті орган белгілеген мерзімде тестілеу рәсімін бағдарламалық және техникалық қамтамасыз етеді және ББЖМ нәтижелерін статистикалық өңдеуді жүзеге асырады.

3-тарау. Нәтижелерді жариялау және колжетімді ету

26. ББЖМ нәтижелері білім беру ұйымдарының назарына ол аяқталған күннен кейін үш ай ішінде жеткізіледі және құқықтық салдары болмайды.

27. ББЖМ нәтижелері туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

28. ББЖМ нәтижелері бойынша уәкілетті орган білім беру ұйымдарына ол аяқталған күннен кейін алты ай ішінде ББЖМ нәтижелерінің кешенді талдауын, "БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған әдістемелік ұсынымдарды жолдайды.

29. Уәкілетті орган рейтингтік зерттеулер жүргізетін ұйымдардың пайдалануы және Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндамаға енгізу үшін білім беру саласындағы ағымдағы ахуалды бағалауды көрсететін талдамалық есепті қалыптастырады.

30. Жыл сайын ББЖМ тапсырмаларының 10%-ы құпиялылық режимінен шығарылып, Ұлттық үйлестірушінің интернет-ресурсында тапсырмалар жинақтары және оқу-әдістемелік кешендер түрінде жарияланады.

ББЖМ аяқталғаннан кейін алты ай ішінде Ұлттық үйлестірушінің интернет-ресурсында өзіндік талдау жүргізу мақсатында зерттеушілер үшін қатысушылардың иесіздендірілген тестілік және сауалнамалық деректер базасы жарияланады.

Биыл 9- сыныптарға ББЖМ дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Арнайы жоспар құрып, кесте құру қажет. Оқушылардың аты-жөні, тізімі, қосымша сабақ кестесі, үлгерімі төмен оқушылардың тізімі болу керек. Оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

4. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Б.Құрбан сөз алып, пән бойынша элективті курс жұмысының жоспарын карауда ӘНХ бойынша **2023-2024 оқу жылында келесі тақырыптағы элективті курстарды өткізу ұсынылады:**
Қазақ тілі:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру
- Мәтінді қалай қорытындылауға болады?
- Қазақ тілінің стилдік және жанрлық ерекшеліктері
- Әдеби эссе жазу (5-9 -сынып).
- Академиялық эссе жазу (10-11- сынып).

Дарынды оқу мотивациясы төмен оқушылардың іс жоспарын түзуде олардың жеке қабілеттері мен пәндік қызығушылығын ескеріп, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыруға ықпал ету керек деп «2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет. Ол аксиологиялық, тұлғаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау әкімшіліктің, әдіскерлердің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің, сынып жетекшісінің, педагогтер мен ата-аналардың іс-әрекетін қамтуы тиіс» екендігін ӘНХ-дан көрсетті./75-77бет/

4.Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құруда бірлестік құрамындағы мұғалімдердің түгел біліктілік арттыру курсынан өтуіне байланысты, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің мерзімін ескертті.

№	Мұғалімдердің аты жөні	Пед өтілі	Санаты	қатысатын жылы							
				2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027
1	Шеримова Р.К.	29	Педагог зерттеуші	+				+	+		
2	Қурманалиева Ж.Т.	29	Педагог зерттеуші	+					+		
3	Сихымбаева А.С.	35	Педагог зерттеуші			+		+			+
4	Ирисбекова Г.	31	Педагог зерттеуші	+				+			
5	Умирбекова Қ.С.	30	Педагог зерттеуші		+					+	
6	Құрбан Ж.Б.	26	Педагог зерттеуші	+				+			
7	Бегманова Л.Т.	15	Педагог сарапшы			+			+		+
8	Арынбаева А.Ж.	12	Педагог зерттеуші				+			+	

5.Төртінші бесінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құруда бірлестік құрамындағы мұғалімдердің түгел біліктілік арттыру курсынан өтуіне байланысты аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің перспективалық жоспарын көрсетіп, тәлімгерлікті ұйымдастыру бойынша бірлестік құрамында жас маман жоқ екенін айтты.

6. Алтыншы сұрақ бойынша «Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру туралы (мектеп оқушыларынан пәндік олимпиадаларын, ғылыми жобаларын өткізу)» бойынша бірлестіктегі барлық мұғалімдердің 2-І сыныптағы оқушыларды қамтып, жоспар құратынын айтты

3-бөлім. Дарынды балалармен жұмыс.

Мәсәйы: дарынды балалармен жұмыс түрлерін жоспарлау

1	Дарынды балаларды анықтау, жұмыс жоспарларын жасау, бекіту	қыркүйек	ӘБ жетекші Пән мұғалімдері	Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру
2	Дарынды балалармен жұмыс түрлерін жоспарлау	қыркүйек	Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері	2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары
3	Пәндік олимпиадаға дарынды оқушыларды қатыстыру	қараша	ӘБ жетекші Пән мұғалімдері	Аймақтыққа жолдама алу
4	Аймақтық пән олимпиадасына оқушы дайындау	желтоқсан	ӘБ жетекші Пән мұғалімдері	Аймақтықтан оту
5	Қалалық пән олимпиадасына оқушы дайындау	қаңтар	ӘБ жетекші Пән мұғалімдері	жүлделі орын иелену
6	Мектепшілік ғылыми конференцияда мұғалімдердің ғылыми қоғам мүшелерінің баяндамалары	Сәуір	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері	Колдау көрсету
7	Үздік оқитын оқушылармен жұмыс	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Дарынды балаларды ынталандыру
8	Олимпиада, сайыстар, фестивальдер, ғылыми жобалар жарысын ұйымдастыру, өткізу	Жоспар бойынша жыл бойы	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері	Дарынды балаларды ынталандыру, қызығушылығын арттыру
9	1-7 сынып оқушыларының «Зерде» ғылыми жобасына қатысуы	Кесте бойынша	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері	Дарынды балаларды ынталандыру
10	8-11- сынып оқушыларының ғылыми жобалар сайысына қатысуы жобаны қорғау мектепте ғылыми жобалар апталығын өткізу	05 қыркүйекке дейін сұраныс беру Қараша Қаңтар Сәуір	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері ӘБ жетекшісі	Дарынды балаларды ынталандыру, қызығушылығын арттыру
11	7-11 сынып оқушылар арасында өткізілетін қалалық эссе жазу байқауларға қатысу	желтоқсан	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері	Дарынды балаларды ынталандыру,
12	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8,9-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық Олимпиадасына қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қатыстыру	Мамыр	Директордың орынбасары Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері	Дарынды балаларды ынталандыру, қызығушылығын арттыру

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылына бірлестік жұмысын жоспарлауда ӘНХ негізге бекітуге ұсынылсын.
2. Мұғалімдердің апталық сағат жүктемелерін, тақырыптық-күнгізбелік жоспарларын бекітуге ұсынылсын.
3. 9- сынып пән мұғалімдері оқушыларға ББЖМ ережесін түсіндіру жұмыстарын жүргізсін, қосымша сабақ кестесі, дайындық жұмыстарының жоспары бекітілсін
4. Пән бойынша элективті курс жұмысының жоспарын құрылып, дарынды, оқу мотивациясы төмен оқушылардың іс жоспарын түзіліп бекітілсін.
5. 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құрылып бекітілуге ұсынылсын.

Бірлестік жетекшісі:
Хатшы:

Шеримова Р.К.
Құрбан Ж.Б.